

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ  
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МІНІСТЕРЛІГІНІҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘМЛЕКЕТТІК  
ӘДІСТЕ



РЕСПУБЛИКАНЫҢ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
"КОМИТЕТ ПО КОНТРОЛЮ  
В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ"  
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ  
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Адрес: 100000, г. Астана, пр. Дарын, 100  
Телефон: (7172) 74-23-77

100000, г. Астана, пр. Дарын, 100, к. 10  
"Білім және ғылым" мемлекеттік ұйымының  
Телефон: (7172) 74-23-77

13.12.2018ж. 19-8/1322

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ағымдағы жылы қарашада Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқу жетістіктеріне сырттай бағалауды (бұдан әрі - ОЖСБ) білім беру ұйымдарына тәуелсіз жүйе ретінде жүргізді.

ОЖСБ ағымдағы жылы 14-18 қараша аралығында өткізілді («2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жоғары білім беру ұйымдарында оқу жетістіктерін сырттай бағалауды өткізу туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 16 қазандағы № 572 бұйрығы).

Барлық оқу нысандарының бітіруші курс студенттері 8 бағыт бойынша қатысты: гуманитарлық ғылымдар; жасратылыстану ғылымдары; білім; құқық; ауылшаруашылық ғылымдары; әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес; техникалық ғылымдар және технология; қызмет көрсету. Барлығы 101 мамандық.

ОЖСБ-ға Сіздердің жоғары оқу орындарыңыздың өтініш білдірген 958 студенттің 924-і қатысты.

ЖОО бойынша орташа балл **112,5 балды** құрайды (мүмкін болатын 200 балдан), республика бойынша – 83 балл. 112-ден 132-ге дейін балды («4» деген баға) 235 студент (25,4%), 133-тен жоғары балды («5» деген баға) 267 (29%) студент алды. Педагогика және бастауышты оқыту әдістемесі, Педагогика және психология, Физика (5B011000), Информатика, Биология (5B011300), Кәсіби оқыту, Қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті, Филология (орысша), Дінтану, Есеп және аудит, Маркетинг, Математика (5B060100), Биология (5B060700), Химия (5B060600), Экология (5B060800), География (5B060900), Жылу энергетикасы, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, Туризм, Әлеуметтік-мәдени қызмет, Әлеуметтік жұмыс мамандықтары бойынша жоғары балл алған студенттердің даярлығын ерекше атап өтеміз.

Сонымен, ОЖСБ қорытындысы ЖОО-ның білім беру қызметін ұсынуы тиісті деңгейде екенін көрсетеді.

Бұдан басқа, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-ға базалық ЖОО ретінде ОЖСБ-ны өткізуді жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғыс білдіреміз.

Астана қаласындағы  
ҚарМУ-ға  
13.12.2018ж.  
998

Төраға

Т. Ешенқұлов

0002046